



Жалағаш ауданында сайлау күні Қорғанбаевтар отбасы үшін жағымды жаңалықпен басталды. Яғни жексенбіде бұл отбасында шекесі торсықтай ұл дүниеге келді. Саяси науқан күні дүниеге келген сәбиге ата-анасы Қасым-Жомарт деп есім беріпті.

Жалағашта сайлау күні Қасым-Жомарт дүниеге келді



Ерлан Созақбаев



Саяси науқанда жалағаштықтар белсенді

Таңғы сағат 6.30-дан бері аудандағы сайлау учаскелеріндеміз. Халықтың саяси науқанда белсенділігі анық байқалды. Тіпті тұрғындардың көбі Президент сайлауының басталуы сайлау учаскелерінің алдында күтті. 6.30-да келген бір сайлаушының жүзінің болып дауыс бергенін көріп, жалағаштықтардың ел болашағына бейжай қарамайтынына тағы бір мәрте көз жеткіздім. Ал сіз ол сайлау учаскесінде бірінші болып таңдау жасаған адамның нешеде келгенін бағамдай беріңіз.

Ең алдымен кент орталығындағы №246 орта мектепте орналасқан №132 сайлау учаскесіне аялдадық. Білім ошағының алды толған адам. Сағаттың жетіні соққаны сол еді, сайлаушылар да есікке енгені берді. Ішке кіріп алдымен оң қолды кеудеге қойып, әнұран шырқады, осыдан кейін әрқайсысы таман жасаудың қамына кірісті.

Шыны көрек, аудан жұртының саяси нақарауына дәл осындай жоғары белсенділігін өзбасым осы көріп отырмын. Халық шынымен мемлекет келешегін үлкен үміт күтеді. Болмаса бүгінгі сайлауда таңдау жасауға дәл бұлай асықпас еді. Сайлау уәкесінің тәрыбымы Аһмур Айбосынова да таң атпай елдің өз таңдауын жасауға асыққанын олардың мемлекет болашағына бейжай қарайтындығын байланыстырды және әрбір сайлаушы осындай көзқараста нем түсінікте болса дейді.

– Өзім ҚР Президенті сайлауында бірінші рет сайлау уәкесінің төрайымы болып отырмын. Алайда осыған дейінгі саяси нақаңдардың бірін шет қалған емеспін. Себебі мен үшін де тәуелсіз Қазақстанның болашағы бәрінен маңызды. Өзім дауыс беруге бұған дейін ерте, түске тауып және кештеу барған кездер де болды. Қай уақытта халықтың белсенділігі қалай болады, маған ол жағы таңсық емес. Бүгінгі сайлауда мен жалағашықтардың белсенділігін анық аңғардым. Таң аттысымен ғимарат алдына жиналған халықты көріп, тізе болғанымды да жасырмаймын. Әрбір сайлаушының өз таңдауын жасауы өкірде, бірақ осының іштері әрбіріміз азаматтық міндет санаған дүрре сияқты, – дейді Айну Шыңғысқызы.

Төрайымның бұл сөзіне алып қосарымыз жоқ. Расында таң атысымен сайлау учаскесінің алдына жиналған қаншама халықты көзімізбен көрдік, іштей

риза болдык. Елдің ертеңіне бейжай қарамайтын осындай азаматтар барда жаңа Қазақстанды жумьла құратынымызға сендік. Ал Айнұр Айбосынованың «Әрбір сайлаушының өз таңдауын жасауы еркінде, бірақ осыны іштей әрбірміз азаматтық міндет санаған дұрыс сияқты» деген сөзінің астарында да үлкен мағына бар. Себебі ҚР Президенті сайлауына қатысу мемлекет болашағына деген жауапкершілігінің басы екені павсыз.

Айта кетейік, кент орталығындағы Шекер Ермағанбетова атындағы білім ошағында орналасқан №132 сайлау учаскесінде 1810 сайлаушы дауыс бере алады. Таң атысымен саяси науқанға халықтың қатысу белсенділігі жоғары болды.

**Мейрамбек Мұстафаев – бірінші
сайлаушы**

Аталған сайлау учаскесінде бірінші болып Мейрамбек Мұстафаев таңдау жасады. Ол бұған дейін де саяси науқанда белсенділік танытыпты. Биыл зейнеткерлікке шыққан ардагердің өз сайлау учаскесі бойынша ең алғаш дауыс беруі бірінші жыл емес. Яғни бұған дейін де ол саяси науқанда белсенділік танытқан.

Осындағы комиссия құрамымен бірге әнұран шырқап, өз тандауын жасаған ағамыз бағалы сыйлықтан да құр қалмады. Сайлау учаскесінің төрайымы Айнұр Айбосынова оның бұл өнегелі қадамы жасаушыларға айтарлықтай үлгі екенін тілге тиек етіп, бүгін үшін науқанмен тұспа-тұс келген туған сәнімен құттықтап, бағалы сыйлығын табыс етті.

— Тәуелсіздік бізге оңай келген жоқ. Бұл бабаларымыздың сан ғасырлар бойы арманы еді. Осы жолда қаншама бағырларымыз жан алысып, жан берісті. Сол үлкен еңбектің нәтижесінде келген шексіз байлығымыз бізге аманат екені анық. Ал біз тәуелсіз Қазақстанның мәңгі жасауына тамшыдай болса да өз үлесімді қосудымыз керек. Шындығына келгенде, сайлау сөзіне блпсек, кез келген адамға жауапкершілік жүктейді. «Елдің ертені менің қолымда, Қазақстанның болшағы маған байланышты» деген кез келген адам бұл саяси науқаннан қалыс қалмауы керек. Быыл өзін зейіткерлікке шықтым. Осыған дейін сайлаудан құр қалған әрмәсіні қуат берсе, өзі де қаламаймын. Оқсайсымыздың таңдауымыз ел келешегіне қалғанға бір кірпіш өкенін түсініп, — дейді кент тұрғыны.

Бәрежелді!

Салтанат Қосжанова – үздік педагог

Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп тұратын республикалық «Үздік педагог – 2022» байқауы жуырда мәресіне жетіп, қорытындыланды. Айта кеткен жөн, мұғалімдердің білімі қатаң сараптаудан өтетін бұл байқауға тек үздік педагогтар ғана қатыса алады.

Биыл аталған білім бәсекесіне республика бойынша 5 500 талапкер қатысса, соның 123-і облыстан іріктеліп, республикалық кезеңге өтті. Яғни байқаудың соңғы кезеңінде білім беру саласының 123 қызметкері бақ сынады. Олардың ішінде Жалағаш ауданынан бір үміткер болды. Ол – Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Салтанат Қосжанова.

Сонымен байқаудың қорытынды нәтижесінде алғаш рет өңіріміздің төрт ұстазы әртүрлі пәндер бойынша жеңімпаз атанды. Атап айтсақ, Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Салтанат Қосжанова, Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің оқытушысы Ұлжан Есманалова, №9 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей интернатының география пәні мұғалімі Ләззат Құлымбетова және Жәлел Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейдің биология пәні мұғалімі Айгүл Қисова 2022 жылдың үздік педагогы деп танылды.

Елордадағы «Radisson Hotel Astana» қонақ үйінде өткен байқаудың салтанатты марапаттау рәсіміне Қазақстан Республикасының Оқу-ғарту министрі Асхат Аймағамбетов арнайы қатысып, жеңімпаздарды құттықтады және 1000 айлық есептік көрсеткіш көлемінде, яғни 3 млн теңге сыйақы мен «Үздік педагог» төсбелгісін табыс етті.

– Мұғалім ең қастерлі мамандықтың бірі. Сіздер Ахмет Байтұрсынұнов, Ыбырай Алтынсарин сынды ұлтына адал қызмет еткен көрнекті ағартушылардың ізін де, ісін де жалғастырып келесіздер. Мемлекет басшысының ең білім саласына, ұстаздарға көп көңіл бөліп отыр. Соның нәтижесінде «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданды. Мұғалім мәртебесін көтерудің алғы шарты – мұғалімдердің айлық жалақысын көтердіп көзделді.

Сонымен бірге устаздардың өзінің қызметтік міндетіне жатпайтын функциялардан босатуға мүмкіндік берді. Мүғалімдерге одан да басқа қолайлы жағдайлар жасала бастады. Алайда білім саласына қатаң талап қойылды. Бүгін мересіне жетіп отырған байқау да білім саласын жақсартудың бір тетігі. Жылдан-жылға бір байқаудың маңызы артып келеді және соған орай қатысушылардың да қатары көбейіп отыр. Бір байқау мүғалімдерге өзінің білім деңгейін анықтап, салада жинаған тәжірибесін саралауына, еңбегін бағалауына мүмкіндік береді. Қай салада да бәсеке болуы керек. Сонда ғана даму болады, алға ілгерілеу болады. Әрине бүгінгі байқаудың жеңімпаздары өздерінің білім деңгейі мен біліктіліктерін дәлелдеп шықты. Сіздерді жеңістеріңізбен құттықтаймын және білім саласын дамытуға қосқан үлестеріңіз үшін алғысымды білдіремін, – деді Асхат Қанатұлы.

Салтанат Қосжанова – үнемі ізденіс үстінде жүретін жанашыл мұғалім және жиган білімі, тәжірибесімен шәкіртті ғана емес, өзін де үнемі жетілдіріп отыратын нағыз ұстазға тән безект болмыстың иесі. Оқырмандардың ойына тағы да сала кеткенді жөн көрдік, Салтанат Қосжанова – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі ұсынған «Абайтану» оқулығын әзірлеген авторлардың бірі. Нақтырақ айтсақ, биыл жана оқу жылынан бастап мектеп бағдарламасына еніп, пән ретінде оқытыла бастаған қосымша әдістемелігі бар «Абайтану» хрестоматиясын жазып, даярлаған республика бойынша үш мүдәлімнің бірі. Сондай-ақ Салтанаттың өз пәні бойынша дайындаған оқушылары облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадалардан жүлделі орындар иеленіп келеді.

– 2012 жылдан бері өткізіліп келе жатқан бұл байқауға қойылатын талап өте жоғары. Байқаудың ережесі бойынша әр қатысушы мұғалімнің республикаға тараған педагогикалық тәжірибесінен



жинақталған әдістемелері, авторлық бағдарламасы, республикалық конкурстарға, фестивальдарға, конференцияларға қатысқаны, ондағы жасалған баяндамалары болуы тиіс. Сонымен бірге түсірген телевизиялық сабақтары, «Оқуға құштар мектеп» жобасы, дебаттық қозғалыс бойынша атқарған жұмыстары және атаналармен қарым-қатынас жұмыстары, волонтерлік қызметтері, қайырымдылық іс-шараларына белсенділігі және басқа да педагог атқаруы тиіс жұмыстардың барлығы сұралады. Мен байқаудың облыстық кезеңінде өзге әріптестерімен басым үлгі жинап, республикалық кезеңге өтімі.

Байқаудың ережесі бойынша бұрын көрмеген мектебімізде болып, танымайтын оқушыларға сабақ бердік. Сабақтарымыз талдау кезеңінде комиссиядан жоғары баға алдым. «Сабақтың құрылымы, сабақ барысында қолданылған тың әдіс-тәсілдеріңіз, сабақтың әр кезеңінде оқушылармен қарым-қатынас орнатуыңыз, соның ішінде олардың әрбір сөзі мен әрекетіне жіті мән беруіңіз, оқушылармен жұмыстарды сара-

лауыңыз көңілімізден шықты және біз оны тәжірибе ретінде өз сабағымызда қолданатын боламыз» деді. Шынымды айтсам, комиссия мүшелері мен әріптестерімнің осындай бағасы мен үшін байқаудың жұлдесінен де қымбат болды, – дейді Салтанат Қосжанова.

Иә, бүгінде Мемлекет басшысы білім саласына айрықша назар аударып, мұғалімдердің жағдайына жіті мән беріп отыр. Қабылданған жаңа заңның аясында педагогтардың мәртебесін көтеруде көптеген жұмыстар атқарылып келеді. Оның мақсаты – мұғалімдердің жағдайын жасау арқылы жанашыр ізденімпаз мұғалімдердің қатарын көбейту, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие бере отырып, оларды жаңа методикалар арқылы әлемдік стандарттарға сәйкес оқытуға мүмкіндік туғызу.

«Үздік педагог» байқауы нағыз ұстаздарды анықтайды. Сол үздік педагогтардың қатарынан жерлесіміздің көрінуі – ауданымыз үшін, тіпті аймағымыз үшін үлкен абырой.

Қуат АДИС

БАСПАСӨЗ – 2023

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!



«Сыр медиа» ЖШС басылымдарына 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде.
Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбеңіз.

Индекс	Басылым атауы	Жазылу мерзімі	Бағасы
65460	Сыр бойы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тт
15460	Сыр бойы (мекеме үшін)	6 ай	4500 тт
65461	Кызылординские вести (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тт
15461	Кызылординские вести (мекеме үшін)	6 ай	4500 тт
65425	Ақмешіт жастары (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2000 тт
65463	Ақмешіт аңталғыы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тт
15463	Ақмешіт аңталғыы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тт
65019	Жалағаш жарышысы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тт
15019	Жалағаш жарышысы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тт
65878	Халық (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3000 тт

**СҮЙІКТІ БАСЫЛЫМЫҢЫЗҒА
ЖАЗЫЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗ!**

Сессия

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілді

Биыл 10 айдың қорытындысымен кент, ауылдық округтердің жылға арналған қаржыландыру жоспарларына қайта есептеу жүргізілген. Нәтижесінде кірістер болжамының орындалмау қаупі туындауынан жеке тұлғалардың көлік салығы 5 млн 247 мың теңгеге қысқартылыпты. Мұндай жағдайда сәйкесінше шығыстары да қысқартылады. Сондай-ақ аудан бюджетінің жергілікті кірістер болжамының орындалмауына байланысты кент, ауылдық округтердің субвенциясы 16 млн 037 мың теңгеге қысқартылады. Ал аудан бюджетінен кент, ауылдық округтерге бөлінген трансферттерден 240 мың теңге қысқартылады екен. Аудандық мәслихаттың кезектен тыс 27 сессиясында аудандық экономика және бөджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Жұпар Баймаханова осылай деді.



Халық қалаулылары бас қосқан жиында қос мәселе қаралғанымен негізгі осы болды. Жиында Жұпар Хамитқызы алдымен 2022-2024 жылдарға арналған кент пен ауылдық округтер бюджеті туралы жергілікті мәслихаттың өткен жылдың аяғында шығарған шешімдеріне өзгеріс енгізу қажеттігін халық қалаулыларының қаперіне салды.

Баяндамашының сөзінше, кент, ауылдық округтердің бюджеттерін нақтылауға бірқатар бюджеттік бағдарлама әкімшілерінен 12 млн 370,1 мың теңге қысқартылып, сәйкесінше бюджеттік бағдарламаларға қайта бағыттау көзделген. Бағытталатын қаржыларға келсек, кент әкімі аппаратының ағымдағы шығындарына 3 млн 854 мың теңге, оның ішінде 1 млн 573 мың теңге ішкі саясат бөлімінің үш қарауыл штат бірлігі кент әкімі аппаратына ауыстырылуына байланысты еңбекақы мен төлемдеріне бағытталады. Ал тиісті қаражаттың жылу маусымында сұйық отын алуға 1 млн 850 мың теңгесі қаралады. Сондай-ақ мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсетуге арналған бюджеттік бағдарлама аясында олардың еңбекақы мен төлемдеріне 280 мың теңге қарау көзделген.

Ауылдық округтерге келсек, Аққұм ауылдық округі бойынша аппараттың

ағымдағы шығындарына 400 мың теңге бағытталады. Ал Аламесек ауылдық округі бойынша аппараттың ағымдағы шығыстарына 1005,1 мың теңге қайта бағытталады.

Аудан іргесіндегі Ақсу ауылдық округі бойынша да аппараттың ағымдағы шығыстарына 984 мың теңге қайта бағыттау көзделуде. Оның тиісті бөлігі, яғни 213 мың теңгесі «Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау» бюджеттік бағдарламасына бағытталса, қалғаны ауылдық клубқа қосымша штат бірліктің еңбекақы мен төлемдеріне негізделеді.

Бұқарбай батыр ауылдық округі бойынша аппараттың ағымдағы шығыстарына 564 мың теңге қаралса, Жаңадария ауылдық округінде аппараттың ағымдағы шығыстарына 466,9 мың теңге қайта бағыттау көзделген. Ал Қаракеткен ауылдық округі бойынша «Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету» бюджеттік бағдарламасына 130 мың теңге қайта бағыттау қажет екен.

Бөлім басшысы мұнан бөлек М.Шөменов ауылдық округі бойынша аппараттың ағымдағы шығыстарына 935 мың теңге, Мәдениет ауылдық округі бойынша 153 мың теңге, Еңбек ауылдық округі бойынша «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бюд-

жеттік бағдарламасына 900 мың теңге, Мақпалкөл ауылдық округі бойынша «Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету» бюджеттік бағдарламасына 250 мың теңге, «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бюджеттік бағдарламасына 163 мың теңге, Мырзабай ахун ауылдық округі бойынша аппараттың ағымдағы шығындарына 498 мың теңге, «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бюджеттік бағдарламасына 34 мың теңге, Таң ауылдық округі бойынша аппараттың ағымдағы шығыстарына 431,1 мың теңге қайта бағыттау көзделіпті.

10 айдың қорытындысын саралап, алдағы уақытта кент және ауылдық округтер бойынша аппараттың ағымдағы шығыстарына қайта бағытталатын қаражаттарды кеңінен тарқатқан Жұпар Хамитқызы халық қалаулыларының да бірқатар сауалына жауап берді. Сондай-ақ оның сессияның күн тәртібінде көтерген мәселесі депутаттар тарапынан бірауыздан қолдау тапты.

Сессия отырысында мұнан кейін жергілікті мәслихат депутаттары «Жалағаш ауданының әкімдігі жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының құрамын бекіту туралы» Жалағаш аудан-

дық мәслихатының 2018 жылғы 28 наурыздағы №22-6 шешіміне өзгеріс енгізу жайын талқылады. Шешімге енгізілетін өзгеріс жайында хабарлаған аудан әкімі аппаратының мемлекеттік-құқтық жұмыстар бөлімінің басшысы Ғалым Жанашевтың да ұсынысы депутаттар тарапынан қолдауға ие болды. Сессия отырысында Ғалым Жанашев тағы бір мәселені халық қалаулыларының алдында ортаға салған болатын. Оның «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі аудандық комиссия құрамын бекіту туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 наурыздағы №22-7 шешіміне өзгерістер енгізу туралы ұсынысы да қолдау тапты.

Басқосуда соңғы қаралған мәселе «Жалағаш аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің құзіретін бағалаудың әдістемесін бекіту болды. Бұл туралы аудандық мәслихат аппаратының басшысы Т.Сарбалаев баяндады. Депутаттар аппарат басшысының да бұл ұсынысын бірауыздан қолдады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Саяси науқанда жалағаштықтар белсенді



1 Алпысты алқымдаған ағамыздың айтып тұрған сөзініңжаныбар. Расындаөз-өзіне өлгідей жауапкершілік жүктеген кез келген азаматтың бұл саяси науқаннан қалыс қалуға хақысы жоқ. Әріне сайлауда дауыс беру, бермеу өз еркінде. Бірақ кент тұрғыны айтқандай, мемлекет келешегіне бейжай қарамайтын кез келген азамат үшін әрбір сайлаушының дауысы маңызды екенін ескерген де жөн шығар. Сайлауда таңдау жасап, бағалы сыйлық алған тұрғындар Мәкеңмен шектелмеді. Яғни ең жас сайлаушы, ең қарт сайлаушы, әрбір жүзінші сайлаушылар да бағалы сыйлықтарға ие болды.

Мырзалиевтер отбасымен дауыс берді

Иә, өткен жексенбі қазақстандықтар үшін маңызды күн болды. Оны елдің шын сезінгенін әрбір сайлау уәскесіндегі жағдай аңғартып тұр.

Аудан орталығындағы Қ.Қазан-таев атындағы мәдениет үйінде орналасқан №128 сайлау уәскесіне ең алғашқы болып кент тұрғыны Айгүл Иманова келіп, ел болашағы үшін өз таңдауын жасапты.

— Жаңа Қазақстанды құру жолында жасалып жатқан әрбір игі іске қолдаушымын. Бұл саяси науқанның да маңыздылығы жоғары деп білемін. Сондықтан ерте келіп, ертеңімді ел болашағымен байланыстырғандықтан сенім білдірген үміткерге дауыс бердім, — дейді ол.

Бұл отбасы аудан жұртшылығына етене таныс. Ауданға белгілі кәсіпкер Болат Мырзағалиев пен білім саласының ардагері, ұлағатты ұстаз Роза Ералы әрбір саяси науқанда отбасы болып белсенділік танытуда өдетке айналдырған. Жас отбасыларға олардың өнегелі өмір жолы үлгі екені даусыз.

Ел болашағына бейжай қарамай, осындай маңызды күнде, маңызды сәтте көппен бірге тілекші бола білетін Мырзағалиевтер үлкен өзгеріс жарқын бастаманың алғашқы баспалдағы екенін айтады.

— Тәуелсіз өліміз аз ғана уақыт ішінде өркендеді, дамыды, талай саяси науқандарды бастан өткізді. Енді міне, бүгін қазақстандықтар Ел Президентін сайлау мақсатында таңдау жасауда. Біз де жолдасым кеуеміз таң азынымен келіп, дауыс бердік. Әрқашан бірлігі бекем, тірлігі ширақ Жалағаш жұртының бүгінгі саяси науқанда белсенділік танытып жатқанына қуанамыз, — дейді ұлағатты ұстаз Роза Ералы.

Біз табан тіреген Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінде орналасқан №128 сайлау уәскесінің комиссия төрағасы Еркебулан Жамалатов мұнда 1300 сайлаушы дауыс бере алатынын айтады. Таңғы сағат 7.30-ға дейін 100-ге жуық сайлаушы өз таңдауын жасаған. Сол уақыттың ішінде 5 сайлаушыға және ең қарт сайлаушыға, сонымен бірге отбасымен өз таңдауын жасаған азаматтарға сыйлықтар беріліпті.

Айта кетейік, №128 сайлау уәскесіндегі ең қарт сайлаушы — қарымды қаламгер, қазақ ауданның құрметті азаматы Шыңғыс Айбосынов ағамыз. Көпті көрген ел ағасының мемлекет болашағының жарқын боларына сенімі мол. Ақсақалын ардақтарға елдің ұрпағымыз ғой, ең қарт сайлаушыға науқан барысында шапан жабылып, құрмет көрсетілді.

Аудан орталығындағы №201 мектеп-лицейіңдемсіз, мұнда №131 сайлау уәскесі орналасқан, сайлаушылардың белсенділігі анық байқалады. Біз барғанда жүзінші сайлаушы таңдауын жасап, комиссия төрағасы Қайрат Жаппасбаев бағалы сыйлығын табыстап жатыр екен. Енді мына қызықты қараңыз.

Кент тұрғыны Нұрғұл Тасмағанбет таңғы сағат 6.30-да келіпті. Ол бүгінгі саяси науқанда жүзінші болып өз таңдауын жасады. Ал бірінші сайлаушының шешеді келгенін шамалай беріңіз. Міне, «Жалағаштықтар саяси науқанда белсенді» деген сөзімізге дәл осы сайлау уәскесіндегі жағдай дәлел болары анық.

Медицина саласында 20 жылдан астам тәжірибесі бар білікті маман бұған дейінгі сайлаулардан да қалыс қалмапты. Ол осыған дейінгі саяси науқандарда сағат 6.30-да барып, бірінші болып дауыс бергенін айтады. — Жалпы өзім сайлаудан қалмауды дағдыға айналдырғанмын. Бұған дейінгі сайлаулардың бірінен қалған емесмін. Себебі көз келген

саяси науқанда әрбір сайлаушының дауысы маңызды деп білемін. Таңғы сағат 6.30-да осында келдім. Сөйте тұра 8.40-та өз таңдауымды жасап жатырмын. Адам көп, халық белсенді. Бұрын дәл осындай уақытта келіп, бірінші болып дауыс беріп, бағалы сыйлыққа ие болатын едім. Бүгін ерте келіп, жүзіңші болып дауыс бердім. Бірақ сыйлықтан құр қалмадым. Халықтың сенімдігі жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының құрамын бекіту туралы» Жалағаш аудан-

Айта кетейік, білім ошағы ғимаратында орналасқан №131 сайлау уәскесінде 1815 сайлаушы дауыс бере алады. Комиссия құрамында 7 адам бар. Мұнда да таңғы сағат 7.00-де саяси науқан Мемлекеттік Әнұранмен басталып, бірінші болып 81 жастағы ардагер Шәрікүл Қарақұлова өз таңдауын жасапты. Біз таңғы сағат 9.00-де ауылдық елді мекендерге жолға шықтық.

Шалғай ауылдарда да сайлаушылар ширақ

Ауданнан ең шалғай орналасқан ауылдардың бірі — Жаңадария. Мұнда №152 сайлау уәскесінің де жұмысы таңғы жетіден Мемлекеттік Әнұранмен басталыпты. Алғаш болып өз таңдауын жасауға асыққан ауыл тұрғыны, ел ағасы Нұрсұлтан Желдербаев науқанның маңыздылығына тоқталды.

— Біздің елдің дамуы жылдан-жылға қарқын алып келеді. Бірақ өркениетті елге айналу үшін қазақстандықтардың бірлігі өте маңызды. Халықтың бірлігі, ел болашағына деген сенімі осындай саяси науқандарда көрініп жатады. Ең алғашқы болып дауыс бердім де ауылдастарымды күтіп тұрдым. Жаңадариялықтар бірнен соң бірі отбасымен келіп жатыр. Мұның өзі бірліктің дәлелі, — дейді ауыл азаматы.

Шалғай ауылда 314 сайлаушы бар екен. Біз барғанда олардың елуіне жуығы өз таңдауын жасаған.

Қазақстан Республикасының Президентін сайлау — әрбіріміз үшін өте жауапты әрі маңызды іс. Өйткені «Жаңа Қазақстанды» құрудың алғашқы баспалдақтары жүзеге асуда. Ал бұл игі іс жолында бірлікпен әрекет етпеу әрбіріміздің азаматтығымызға сын болмақ. Қазақстандықтар бұл тұрғыда тартынып қалмайтынына тағы бір көз жеткіздік. Аудан орталығынан бөлек ең шалғай ауылдың өзінде белсенділіктің болуы бәрімізді қуантты.

Қыс — су айдындарында адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етумен айналысатын барлық құрылымдар үшін өте қиын кезең. Су жағажайларындағы демалыс, қар жапқан тоғанда серуендеу, балық аулау және денені шынықтыру кезінде су айдындарында қыс ережелерін сақтамаған жағдайда, қайғылы оқиғаға айналуы мүмкін. Жазға қарағанда қыста адам өмірін сақтау әлдеқайда қиын. Жүзе білу бұл үшін жеткіліксіз. Зардап шеккенге суда жүзу қиын, өйткені су сіңірген киім ауырлап, су түбіне тартады. Егер өзін-өзі су бетінде ұстау мүмкін болса, 5-10 минуттан кейін денесі салқиндай бастайды.

Мүз үстінде абай болыңыз

Сонымен қатар мұздың астына құлап кеткен адамға көмек көрсететін адамдар үлкен тәуекелге барады. Осыған байланысты Жалағаш ауданы ТЖ бөлімінің қызметкерлері қысқы кезеңдегі су айдындарындағы қауіпсіздіктің кейбір ережелерін еске салады.

Қыста балық аулау су айдынында мұз қатқаннан басталады. Мұздың үстінде балық аулау, балықшыға тұрақты сақтық шараларын сақтау талап өтіледі. Мұз үстінде қозғалу кезінде мұз астына құлап кету қаупі аяқ астынан туындауы мүмкін.

Алғаш мұз үстіне шығар алдында оның беріктігін тексеріңіз. Бұл үшін темір үшір қада алып, бірнеше шұңқырды тесіп шығып, мұздың қалыңдығын анықтаңыз. Егер қалыңдығы 6-7 см-ға жетсе, мұз үстіне жаюу шығуға болады. Аса жұқа мұз адамды көтере алмай қалуы мүмкін. Ескеру керек, қысқа жылымық басталғанда алғашқы мұз айтарлықтай бәсеңдейді, оған шығу қауіпті.

Мұз үстіне адамдар топпен шоғырлануға болмайды, бірнеше адамның ауырлығын мұз көтере алмай қалуы мүмкін. Бірінші мұзда қозғалған кезінде аса сақ болу керек. Жалғыз, әсіресе қашыққа, мұздың үстімен жүруге болмайды. Өзіңізбен ұшында шағын жүгі бар берік және ұзын арқанмен болғаны дұрыс, оны алысырақ лақтыруға болады, егер адам мұзды су астына құласа, оған көмек көрсету үшін осы арқанды лақтыруға болады. Арқанды артта жүрген адам ұстаған дұрыс. Су қоймасында бір-бірінің артында жүреді, жүру арақашықтығы — 4-5 м. Алда жүрген адам, мұзды таяқпен тексереді, барлық күдікті орындарды айналып өтеді, су бетінде мұз төгілділерін және су айдынының жарылған уәскелерін айналып өтеді. Балық аулаушы мұздың беріктігін сыртқы белгілері бойынша анықтай білуі қажет. Мәлдір және қара мұз аса берік болып келеді. Ақ қармен араласып, қатып қалған мұз мықты емес, мұндай орындарды айналып немесе алдын ала таяқпен тексеру керек.

Абай болыңыздар, алғашқы мұз төтенше қауіп әкеледі. Өз өміріңізге қауіп төндіріп, жақындарыңызды алаңдатпаңыздар.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

дауымды жасадым. Ауыл халқының белсенділігін өздеріңіз де көріп тұрыңыздар. Елдің ертеңіне алаңдайтын кез келген адам осылай болуы керек деп ойлаймын. Таңмен таласып келген халық дауыс беруге асық. Мен де елмен бірге өз таңдауымды жасадым, — дейді ауыл тұрғыны.

Не керек, көшегі сайлауды аудан жұрты ауызбіршілікпен, ынтымақпен өткізді, сайлаушылар белсенділік танытып, қашанда өздері үшін мемлекет болашағы бөрінен маңызды екенін тағы бір дәлелдеді. Бұл белсенділік облыстың барлық өңірінде байқалды. Демек, Сыр халқы Қазақстанның болашағына бейжай қарамайды, бұл саяси науқаннан үлкен үміт күтеді деген сөз. Сайлау қорытындысымен облыстың Қазақстан бойынша екінші орынға жайғасқаны, аймақта халықтың белсенділігі бойынша Жалағаш ауданының көш басында тұруы бұл сөзімізге түздік болары анық.

Расында бұл — мемлекет болашағы жолында оң шешім қабылдап, дұрыс таңдау жасау үшін әрбір сайлаушыға берілген мүмкіндік. Түсінген адамға сайлау жауапкершілік жүктейді. 104 жастағы қазыналы қартымыздағы кешегі саяси науқанда дауыс беруі бізге үлгі.

Не керек, ел қатарлы біреуден ерте, біреуден кеш шаруамызды бірыңғайлап ауылға тартуым. Мақсат — сондағы өз сайлау уәскеме барып таңдау жасау. Мұнда да ауыл тұрғындарының белсенділігі анық байқалды. Бастысы, әділетті һәм жаңа Қазақстанды құруға тамшыдай болса да үлесімдізді қоссақ болғаны. Ал оның баспалдағы осындай маңызды саяси науқанда дұрыс таңдау жасау екенін жақсы білеміз.

Айта кетейік, жексенбідегі ҚР Президенті сайлауына қатысушылар саны 11 млн 953 мың 465 адамды құрады. Оның 8 млн 346 мыңы дауыс беруге арналған бюллетендер алған. Дауыс беру күні 641 халықаралық ұйымдардың байқаушысы, 15 мың саяси партия байқаушысы бақылауды жүзеге асырған.

Қорытындысына келсек, Қарақат Әбденге 206 206 адам, Нұрлан Әуесбаевқа 176 116 адам, Жигули Дайрабаевқа 271 641 адам, Мейрам Қажыкенте 200 907 адам, Қасым-Жомарт Тоқаевқа 6 млн 456 мың 392 адам, Салтанат Тұрсынбековаға 168 731 адам дауыс берген. Бұл туралы Орталық сайлау комиссиясының кезекті брифингінде айтылды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Түсінген адамға расында солай. Сайлау — мемлекет болашағы үшін маңызды шешім қабылдайтын сәт. Осы сәтті құр жібермей өз таң-

ТҰМА

балалар шығармашылығына арналған бет

ҚҰРАҚТАЙ БАЛҒЫН, БҰЛАҚТАЙ МӨЛДІР

Біздің басылым бұдан бұрын Балалар жылына орай балалар шығармашылығын қолдау мақсатында «Тұма» айдарын ашып, онда жергілікті жас ақындардың бір топ өлеңдерін жариялап, қауырсын қалам иелерінің балауса жырларын оқырмандарға паш еткен едік. «Тұма» айдарының кезекті нөмірінде балалар шығармашылығына қалам тербеп жүрген ақын, жерлесіміз, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Қуат Ахетовтің кішкентай балақайларға арналып жазылған бір топ өлеңдеріне де кезек келді. Бұл тартуымыздың жас жеткіншектерге керемет көңіл-күй сыйлауына тілектеспіз!

Домбыра

Құлақ, шанақ, құндағы,
Ішек, перне, тиегі.
Ұлттық аспап бұл-дағы,
Қазақ үшін киелі.

Қастер тұтып төрге ілсең,
Салтанатпен сәнденді үй.
Саусағыңа көндірсен,
Төгіледі ән мен күй.

Шежіресі әр күннің,
Құлақ сал да, ұғып ал!
Домбырада халқымның,
Шаттығы мен мұңы бар.

Қос ішекке өрілген,
Рухы бар, жаны бар.
Шанағынан төгілген,
Қасіретті қаны бар.

Кеудеңе күй қонды ма,
Ерігеді ол тас-шерді.
Қазақ үшін домбыра,
Сонысымен қастерлі.



Бесік жыры

Әлди, әлди бөбегім,
Қашан тиер көмегің.
Тез ер жетіп анаңа,
Қолқанат бол, өренім!
Мақтан тұтсын сені әкең,
Үлгі тұтсын сені елің.

Бүлкілдейді көмейің,
Сен қаласаң аспаннан
Айды да алып берейін.
Сен қаласаң жайлаудан,
Тайды да алып келейін.
Топтан озып, анаңның,
Тасытшы бір мерейін!

...Ұйықта бөпем, жата ғой,
Тәтті ұйқыға бата ғой!



Бақыттымыз анамен

Шуақ шашқан өмірге,
Күнісің сен әлемнің.
Жанарыңнан төгілген,
Мейірімге бөлендім.

Естігенде үніңді,
Бір ғажайып күйге өңдім.
Ана сенің тіліңді,
Құрсағыңда үйрендім.

Бесігімді тербеттің,
Түн ұйқыңды төрт бөліп.
Әлдіңмен ержеттім,
Тәліміңді көп теріп.

Қосайықшы ән-жырға,
Бақыттымыз Анамен.
Ана сенің алдында,
Бас иеді бар әлем.



Шекарашы боламын

Шәуілдейді Бөрібасар,
Күшік емес ол нашар.
Тек еркелеп көбірек,
Үйренбей жүр қолға сәл.

Мапды ауылдың «қонағы» –
Беріні алған жоқ әлі.
Бірақ та тым сақ күшік,
Күзетеді қораны.

Мен өзiрге баламын,
Ертең ер боп толамын.

Елді қорғар дұшпаннан,
Шекарашы боламын.

Отан жайлы жыр, әні,
Мен де осы елдің ұланы.
Шекараны қорғауға,
Ит қажет қой қырағы.

Отаныма бақ, мекен,
Болу керек сақ, бекем.
Аттанғанда әскерге,
Күшігімді ал кетем.



Сағат

Сырт-сырт етіп үнемі,
Соғып тұрар жүрегі.
Әкешім мен анашым,
Оған құлақ түреді.

Жортақтап ап ілгері,
Жарысады тілдері.
Арасында бірақ та,
Секунд қана жүрдегі.

Сөйтіп жүріп және де,
Жете алмайды мәреге.
«Өтіп жатқан өмір-ай», –
Дейді атам әжеме.



Тоқымашы

Өнер қуған баланың,
Жолы өзгеге өнеге.
Ойыншықтары Сараның,
Тізіліп тұр сөреде.

Жіп қып өрген жібекті,
Сүйсіндірер талабы.
Саусақтары тым епті,
Өзі тоқып алады.

Көрген адам таңғалар,
Құстар да бар, аң да бар.
Ұзын мойын жираф бар,
Жалқау аю – панда бар.

Мұндай ойыншық кімде бар?
Көктемгі Ай мен Күнде бар.
Қонжықпенен көжек бар,
Арыстан мен піл де бар.

Ақылы бар сөз ұғар –
Тотықұстың өзі бар.
Әтеш, тышқан, үкі бар,
Бұзау, лак, қозы бар.

Ойыншықсыз баланың,
Өмірінің бос мәні.
Солар қазір Сараның,
Ең сүйікті достары.

«Дос жинайды» әлі де,
Өнерлінің кейпі үлгі.
Ойыншығының бәрі де,
Дәл өзіндей сүйкімді.

Қуыршақтар жүреді,
Сөйлеп, жылап, күледі.
Тілдерін тек олардың,
Сара ғана біледі.



Із

Мынау – ізі жылқының,
Мынау – ізі түлкінің.
Мынау – ізі сиырдың,
Мынау – ізі тиіннің.

Мынау – ізі маралдың,
Мынау – ізі шағалдың.
Мынау – ізі бұланның,
Мынау – ізі құланның.

Аң-құстың әр қадамы,
Жерге белгі салады.
Жыбырласа, артында
Жәндіктен де із қалады.

Жақсы және жаман кім?
Сол өлшемі бағаңның.
Ізі емес артында,
Ісі қалар адамның.

Жүрсе-дағы сән құрып,
Бітірген бір ісі жоқ.
Табан ізін қалдырып,
«Ізсіз» кеткен кісі көп.



Күнбағыс пен Гүлбағыш

Күнге қарап айналып,
Тұрады ылғи ойланып.
Күндей сары қалпағы,
Сабағына байланып.

Сонда бұның мәні не?
Осы жұмбақ бөріне.
Айтайықшы беріден
Бармай-ақ тым өріге.

Күнмен оның сәні де,
Күннен оның нәрі де.

Бойға шуақ сіңірсе,
Топлады екен дөні де.

Сұп-сүйкімді Гүлбағыш,
Секілді ол да күнбағыс.
Анасының жанынан,
Кетпейді күн, түн де алыс.

Анасы оған себебі,
Бар жылуын береді.
Сол шуақпен балақай,
Жайнап өсіп келеді.



Дәрігер

«Талап – түлпар» демей ме?!

Алсын атын танып ел,
Есейгенде Медине,
Болам дейді дәрігер.

Жарасып-ақ тұр аппақ,
Үстіндегі жидесі.
Қорқынышты бірақ та,
Қолындағы инесі.

Сауықтырар ол «емдеп»,
Апасы мен әкесін.
Ащы дәрі берем деп,
Жылатады бөпесін.

Мақтанады ол тағы,
Көңілін ел бөлгенге.
Бірақ өзі қорқады,
Дәрігерді көргенде.



4 ДИДАР

Байдәулеттен басталған билік

Ел әңгімелерінде Байдәулетті бірде бай, енді бірде батыр, бірде би болған деседі. Ол заманда ауыл-ауылды шауып, малын барымталап кететін ұры-қары көп болған. Сондай қиын-қыстау күндері барымташылардан ауылдасының малын қорғап қалған адамдарды қол бастамаса да «батыр» атандырған. Сол атақты халық Байдәулетке де берген сияқты. Ал шын мәнінде Байдәулет қара қылды қақ жарған әділ би болған. Оны ел аузындағы әңгімелер мен жазба деректерден аңғаруға болады.



Байдәулет би

Өтебайға билік айтқан Құба бидің «Баймембетті жау жағына, Байдәулетті дау жағына қоямын. Олар тұрғанда бізді ешқандай жау ала алмас» деуінде көп мен бар емес пе?! Екі інісінің баласын Құба би қасына алып, баулыған екен.

Есімі жұртшылық жадында сақталған Байдәулет Адамбайұлы шамамен 1740-1820 жылдары аралығында өмір сүрген сияқты. Күні бүгінге дейін Байдәулет ұрпақтарын «бидің ұрпақтары» деп құрметтеп жатады. Ал ақындығы бар Сағымбай ағаның шежіре өлеңінде:

«...Байдәулет туған бала Адамбайдан, Атақты болды батыр жау шабатын» деп Байдәулеттің батырлық сипаты суреттеледі.

Байдәулеттен: Байсары, Талқанбай, Қалдыбай, Қуаныш, Тәтті, Таңқы, Түй-ғың, Жайықбай туады. Олардан да бері ұрпақ өрбіген. Қалай болғанда да Байдәулет – ел ағасы, бір рулы елдің ақсақалы болған тарихи тұлға.

Талқанбай би хақында

Атақты шайыр, діни қайраткер Тұрмағамбет Ізтілеуов «Ел қамын жеген ерлер» атты толғауында:

«...Өтетілеу, Талқанбай, Дана еді жұртты жөндеген» деп жырлайды. Ақын айтқандай, Талқанбай өз тұстарынан озық туған азамат болады. Уақыты «1833 жыл 7 шілде» деп көрсетілген архив құжаттарында: «Қоқандықтар осы айда Шөмекейлердің 13 ауылын шапқан. Сарғасқа руының бірі Талқанбай Байдәулетов ауылынан 337 түйе, 2 580 қой, 60 жылқыны барымталап көткен. Тіпті қарсыласқан бақташы мен жылқышыларды да өлтірген. Бір ауылымен қатар Сұлтан-Темір Ералиевтің 85 жылқысын барым-талаған» деп көрсетілген.

Барымта кезінде ауылда болмаған Талқанбай би шапқыншылықты ести сала жігіттерді жинап, өзі бас болып, қоғандықтардың ізімен қуалап барып соғысып, қарамағындағы 13 ауылдың малын қайтарып алады. Осы ерлігі үшін Талқанбай Байдәулетов Орынбор генерал-губернаторынан «Ерлігі үшін» деген атауға ие болады. Мұны Байсақал Тіпекен өзінің мәлімдемесінде (1833

жыл) көрсеткен.

Екінші бір деректе 1852 жылдың 29 желтоқсанында Хиуа бегі Қожанияздың Шөмекей руының билеріне арнайы жазған хатында (өтініш айтқан Т.Д.) басқа билермен қатар Талқанбайдың да есімі жүр. Сондай-ақ үшінші жазба құжатта Түркістан датқасы Ташмұхаммедтің Кете-Шөмекей руларының билеріне арнайы жазған бұл хатында Талқанбайдың баласы Мықайдың да есімі бар. Яғни XIX ғасырдың 1950-1960 жылдарында әкелі-балалы Талқанбай мен Мықайдың есімі қатар аталады. Демек, олардың билік басында болғандығының айғағы.

Байдәулетұлы Талқанбайдың ата-тек шежіресі былайша тарқатылады: Кіші жүздегі Қаракесекке жататын Шөмекей тайпасының Сарғасқа аталығынаң нақтылау айтсам, Өтебайдың баласы Адамбайдан – Қаракесек, Байдәулет, Байжаң, Бикелді туған. Олардың барлығының ұрпақтары бар. Қызылорда облысының аймағында тұрады. Бабаларының жаз жайлауы – Қарақұм. Ал қыстауы – Қызылқұмның өтегі, бүгінгі Аққыр ауылының маңы. Жаңадария, Қуандария, Майлыөзектің бойын қыстаған.

Бұл зерттеуімде Байдәулет биден тараған, есімдері ел есінде жүрген бірнеше ұрпағын анықтадым.

Талқанбай шамамен 1800-1803 жылдары туып, 1869-1870 жылдары дүниеден өтсе керек. Қармақшы мен Жалағаш өңірінде Талқанбай есімді үш тұлға өтіпті. Жұртшылық оның бірін би Талқанбай, екіншісін Жаман Талқанбай, үшіншісін Құлыс Талқанбай деп атапты. Менің зерделеуімдегі би Талқанбай – Талқанбай Байдәулетұлы. Екінші бір ескерер жайт, Жаңадария өзенінің бойында «Талқанбайдың үй тамы» деген тарихи ескерткіш бар. Көнекөз қариялардың айтуынша, ол Құлыс кете Талқанбай Ниязұлы қабірінің үстіне салынған кесене екен.

Мықай Талқанбайұлы

Мықай Талқанбайұлының есімі архив құжаттарында 1852-1853, 1868-1870 жылдарда қатталған. Олай болса, Мықай шамамен 1818-1820 жылдарда өмірге келіп, XIX ғасырдың 1970-1980

жылдарында қайтыс болса керек. Мықайдың артында Бекболат, Есқұлы деген балалары қалған. Олар да әкелері секілді елге сыйлы кісілер болыпты.

Есқұлы Мықаевтың есімі архив құжатына жазылған және қай жерде қыстап отырғаны да нақты көрсетілген. Олай болса, Мықай баласы Есқұлы шежіре бойынша есептегенімізде 1840 жылы туып, XX ғасырдың басында өмірден өткен сияқты.

Тоқсанбай ахун Есқұлыұлы

Тоқсанбай ахун 1875-1876 жылдарда туып, 1915 жылы өзінің есімімен аталатын қорымға қойылған. Ауылдастары оның дін жолындағы тазалығын, ахундығын құрметтеп, мешіт салып беріп, бала оқытуына жағдай жасаған. Тоқсанбай қайтыс болғаннан кейін балаларының және жергілікті халықтың күшімен үй-там салынған. Сол үй-там бүгінде «Тоқсанбай ахун үй-тамы» деп аталады. Тоқсанбай ахунның діндарлығын, тақуалығын қадір тұтатын Тұрмағамбет Ізтілеуов және басқа да шайырлар жыр арнаған. Ахун ұрпақтарының басым көпшілігі ескіше де, жаңаша да оқу оқыған. Әлжан мақсұмды көзіміз көрді, тіпті көрші тұрдық. Бұл жайында Тоқсанбай ахун жайында жазған мақаламда кеңірек тарқатып айтқанмын. Сондықтан оған тоқталмаймын.

Байдәулет немересі Зарқұм

Зарқұм Қуанышұлының есімі халық аузында өртүрлі сипатта айтылып келеді. Зарқұмның елі үшін жасаған еңбегі мен ерліктерін, қайраткерлігін ыдырыс (мақсұм) Ақырзаевпен бірігіп жазған мақаламда айтқан болатынымын. Кейін архив құжаттарын толықтырып, бірнеше мақаламды жазып, кітабыма өндіргенмін. Негізінен Зарқұм Қуанышұлының есімін жергілікті тұрғындар халықты жақтаған батыр ретінде атаса, патша мен Кеңес көзеңінің алғашқы жылдарындағы басшылар қарулы қарақшының басшысы ретінде қарап, оның ісін солай бағалады.

Зерттеу барысында Қуаныштың үлкен ұлы 1827 жылы, ал Зарқұм 1864-1866 жылдарда туғаны жайлы жазба деректер кездесті. Алайда ауызша әңгі-



мелерде Зарқұмның 1860 жылы туғаны айтылады. Архивтегі жазбаларда Зарқұм есімі 1890-1891 жылдарда көрініс береді. Демек, ол кісі осы жылдардың алдында билікке араласа бастаған тәрізді. Оны тергеп-тексерген іс-қағаздар 1891-1897 жылдар мен 1901, 1903, 1918, 1919 жылдарда көп кездесті. Оны мал-мүлкін тәркілеп, Иркутскіге жер аудару жөнінде және сайлауға дауыс беру құқығынан айырғаны туралы құжаттар да бар. Сонымен бірге Зарқұм Қуанышұлының 1898, 1900-1901 және 1918 жылдары абақтыда отырғаны көрсетілген. Құжаттардың бәрінде «қарулы қарақшылар» тобының жетекшісі болғаны айтылады. Бұл топқа негізінен Қаракөл-Қуандария, Көткеншек, Қышбөгет тағы басқа да болыстардың адамдары кірген. Қазіргі Қызылорда аймағының біраз жерін қамтыған. Оның тобындағылардың басым көпшілігі Адамбай руының жігіттері. Оны тергеп-тексеруге жауап берген кісілердің аты-жөндерінен білуге болады.

Зарқұмды көрген, онымен етене қарым-қатынаста болған кісілердің оны барымтаға жұмсағаны, әсіресе сараң байлардың малын тартып алып, кедей-көпшікке үлестіргенін айтады. Ауылындағы сексенге жуық үйді осылайша асыраған деседі. Жауапқа тар-тылғандар және қуа болғандардың саны 40-50 адамнан асады.

1918 жылдың аяғында Перовскі СовДеп-інің басшысы И.Гержодтың бұйрығымен Зарқұмның ер балалары және немерелері ұсталып, 1919 жылы Қызылорда қаласы маңындағы Қарауылтебеде аталыпты.

Еліміз егемендік алған соң Зарқұм Қуанышұлы толық ақталып, тәуелсіздік жолында күрескен ұлт қайраткерлерінің бірі ретінде (1917 жылы Ташкентте өткен мұсылмандар съезіне және Перовск СовДеп-інің конференцияларына қатысып, сөз сөйлеген) танылып, Қызылорда қаласы Титов кентіндегі бір көшеге есімі берілді. Сонымен бірге 1975 жылы оның қыстаған жеріне ескерткіш белгі орнатылғанын да айта кеткеніміз жөн.

Зарқұмның Сейдахмет, Жүсіп Ахмет, Бекжүсіп, Жүсіпбек және тағы басқа балалары болған. Сейдахметтің 1895-1896 және 1912 жылдары билікке араласқаны туралы мәлімет архив жазбаларында бар. Кенже баласы Жүсіпбекті «қызылдардың қырыны» кезінде тайқазанның астына жасырып, содан жас бала аман қалған көрінеді. Жүсіпбектің көзін көріп, сөзін тыңдадық.

Зарқұм ісіне қатысты құжаттар сәйкесін

Зарқұм Қуанышұлына байланысты қылмыстық істерде Бахтияр, Ташкен, Бұқарбай Дегенбаевтармен бірге (бір істе) жөнені Нұрмахан Серікбаевтың арыздары тіркелген. Осыған қатысты Зарқұмның баласы Сейдахметтің түсініктері қатталған. Сонымен бірге Топаш, Төлеш Досымовтар, Қойшыбай, Жазық, Олса Марқаевтар, Құттыбай, Жазық, Иген Байназаров, Асан Жабағиевтер, барлығы 45 адамның аты-жөні және сол кезде қанша жаста болғаны көрсетілген құжат бар.

1868 жылғы Перовск уезі тұрғындарының есебін жүргізген құжатта Бай-болат Бөкенбаев, Кетебай Марқаев, Ержан Досымов, Қапақ Тоқаев, Досан Бұйырбаев, Ниятбай Бұйырбаев, Құдай-берген Қүзенбаев, Байболат Талқанбаевтардың есімі де жүр. Бұлардың біразы ұрпақтар таратқан ата-тек шежірелерінде жоқ. Демек, олардың ұрпақтары жалғаспаған немесе қыз бала болып, шежіреге қосылмай қалуы да мүмкін. Қалай болғанда да тектінің туяғы Зарқұм Қуанышұлы «халық жауы» емес, нағыз халық батыры болған.

Тынышбек ДАЙРАБАЙ, зерттеуші, жазушы, этнограф



Әлемдегі барлық жаратылыс адамзаттың игілігіне берілгенімен, бүкіл жаратылыстың иесі Алла. Ол біздерге мал-мүлік берсе, Алланың берген нығметіне шүкіршілік етіп, орнымен жұмсап, шүкіршілігі ретінде Алла разылығы үшін белгілі бір мөлшерін мұқтаждарға беру керектігін де ескертеді. Ізгілік жолында не жұмсасаңдар да соның бәрі өздеріңе толық қайтарылады және сендер әділетсіздікке ұшырамайсыңдар деген. Расымен ер адамның істеген ізгі амалы өзіне пайда береді деген.

ЕШКІМГЕ ЗИЯНЫНДЫ ТІГІЗБЕ

Жалпы мұсылманның шынайы болмысы – біреуге қолыңмен де, тіліңмен де зиян келтірмеу. Кісі ақысын жемеу мұсылманның кемелділігін, көркем мінезділігінің белгісі. Бұл туралы асыл дінімізде де толық айтылған. Адамдардың бас бостандығына, дүние-мүлкіне, ар-намысына қол сұғу дінімізде харам. Бұлар – адамдардың қол сұғуға болмайтын жеке басының құқығы. Мұсылман басқаларының құқығына құрмет көрсетіп, жұртқа зиянды іс-әрекеттерден аулақ болуға міндетті. Нағыз мұсылман болудың шарттарының бірі де осы. Адамзаттың асылы ардақты Пайғамбарымыз былай деген: «Өзге мұсылмандар қолы мен тілінен жәбір көрмеген адам нағыз мұсылман» деген. Тарқатып айтсақ, нағыз мұсылман адам өзгеге зиян тигізуден бойын аулақ ұстайтын, керісінше басқа мұсылман бауырына көмек қолын созуға дайын тұратын, ерқашан мейірім мен кеңпейілділікті, ізеттілік пен бауырмалдылықты қағида етіп ұстанатын. Басқаларға жәрдем ету, жылы сөйлеп, жылы шырай таныту, кедейлерге жәрдем ету, ешкімі жоқтарға қамқорлық көрсету, құлағанды сүйеп, адасқандарға жол көрсету – дініміздің өмірі, көркем мінез-құлықтың көрінісі. Үлкендерге құрмет көрсетіп, кішіден ізет күту де асыл дінімізде бар және қазақ менталитетінде де көрініс табатын тектілік қасиет. Ата-анамызға, үлкен-кіші бауырларымызға қамқор болу, адамгершілік қағидасы, парасаттылықтың белгісін үнемі жадымыздан шығармау да нағыз мұсылманға тән қасиет.

Ардақты Пайғамбарымыз (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын): «Бір мұсылманның мұсылман бауырына үш күннен артық өкпелеуі халал емес» деген. Ұзақ уақыт өкпе, кек сақтаған адам да үлкен бір күнә жасайтынын ескерген екен. Бұл турасында да «Бір кісі мұсылман бауырына бір жыл бойы өкпелесе, оның қанын төккендей күнә істеген болып табылады» деп айтылады. Бір мұсылманға ренжіген емес, тіпті ренжіскендердің өзін татуластыруға тырысу керек. Екі мұсылманның бір-біріне ренжіп жүргенін көрген жан олардың арасын жарастыруға, татуластыруға міндетті. «Садақаның ең жақсысы – араздасқандарды татуластыру» деген Алла Елшісі араздасқандардың арасын жарастыруды қайырлы іс дейді. Үйге келген мұсылман кісіні, қонақты жылы шыраймен күтіп алу, қарсы алу, барынша қонақжай болу, жасылап шығарып салу да кемелділіктің көрінісі. Өзгенің кінесін іздеп қазбалау, жамандығын іздеп бетіне басу, мұсылманның абыройын түсіру, кемшілігін жасырудың орнына ел-жұртқа жария ету нағыз мұсылманға жат қылық болып саналады. Алла Елшісі (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын): – Үш тамаша мінез кімде болса, Алла Тағала сол адамды мейіріммен жәннатқа кіргізеді, – дейді.

– Ол қандай мінез? – деп сұрағанда: – Өзіңе бермегенге сен бер, өзіңе көлмегенге сен бар, қиянат жасағанды кешір, – деп жауап береді. Осы тұста кісі ақысы дегенді де айта кеткен жөн. Кісі ақысына кіру бір мұсылманның артынан ғайбат айту, өтірік, жалған сөздермен оны төмендетіп, бір адамның орынсыз өлтірілуі, мал-мүлкіне қол сұғу, ар-намысына тиіп, қорлау сынды әрекеттерден тұрады. Сондықтан мұсылман дін бауырластарына жақсы нәрсө ойлап, өзі үшін қалаған жақсылықты оларға да тілеп, өзіне ұнамайтын жамандықты басқаларға да лайық көрмейді.

Мына бір мысалға зер салсақ, жасаған игі амалымыздың бәрі өзімізге қайыр әкелетінін түсінеміз. Сонымен ертеректе бір мұсылмандардан болған Ләйс ибн Сағд деген кісі бал сатумен айналысқан екен. Бір күні оның кемесі жағаға келіп тоқтайды. Кемеді үлкен бөшекелерге құйылған бал болатын. Осы мезгілде кішкентай ыдысын ұстаған күйде бір қарт әжей Ләйс ибн Сағдқа келіп, оған бал құйып беруін өтінді. Алайда Ләйс ибн Сағд бал беруден бас тартады. Әлгі әжей өз жөніне көтісімен Ләйс ибн Сағд өзінің кемекшісіне оның мекен-жайын анықтап, бір бөшке балды үйіне апарып беруді тапсырады. Оның бұл ісіне таңырқаған көмекшісі:

– Ол кейуана сізден кішкентай ыдысына шамалы мөлшерде бал құйып беруін сұрағанда оның бетін қайтарып, енді қазір балды бөшексімен үйіне апарып бер дейсіз! Бұныңыз қалай?

Кемекшісінің сауалына Ләйс ибн Сағд:

– Әлгі әжей шамасына қарай сұраған болатын, ал мен оған өз шамама қарай бергілі жатырмын. Әрбір садақа жасаушы адам өзінің берген садақасы лақырдың қолына тимей тұрып, Алланың құзырына жететіндігіне сенім көміл болған жағдайда садақаны алушыдан қарағанда оны беруші әлдеқайда ләззатын көбірек сезінетін еді, – деп жауап қатқан екен.

Түсінгеніміздей, бұл жерде бал сатушы әрбір игі істі жасарда Алланы еске алып, оның разылығын іздеп, ниеті мен ықыласы түзу болғанда ғана өзі жасаған жақсы амалының қайлырын көре алатынын меңзейді. Түптеп келгенде ешкімге зиян тигізбей, керісінше мұсылманның хақысын естен шығармау керек. Шынайы мұсылманға төн барлық мінез-құлық, жүріс-тұрыс, көркем мінез кісі бойынан көрініс тапқанда ғана кемелділікке жете алады.

Айбек МӘДИЕВ,
«Иманқұл» мешітінің
бас имамы

Баланы емес, өзімізді тыюдан бастасақ...

Адамзат ақыл-ойының нәтижесінде ғылым дамыды, болашаққа қатысты кейбір болжамдар бүгінде ескіріп, өзгеше сипат алды, бүгінге дейін дұрыс санап келген ұғымдарға деген көзқарас өзгерді. Қысқасы, ХХІ ғасырдағы жетістіктің пайдасы мен зардабын адамзат қатар көріп отыр. Дамыған елдер күн сайын жаңа технологиядағы табыстарын жарыса жариялап, жан-жағын арбап жатыр. Әсіресе әлем елдері Жапония, Қытай, Америка секілді алпауыт мемлекеттердің техникалық өнімдеріне тікелей тәуелді болып қалды. Бесіктен бөлі шықпаған баланы жалағанда құлағына смартфон тосып жұбататын жағдайға жеттік. Айтпағымыз да, осы смартфондар төңірегінде.

Қоғамдық келіктердің ішінде қанша жолаушы болса, соның барлығы да төмен қарап, қолдарындағы смартфонна шұхшылып отырады. Тіпті кейбіреуі өзінің қоғамдық келікте келе жатқаның, айналасында адам барын да ұмытып, «Тик-ток» тамашалап мөз және оның дауысын барынша көтеріп қояды. Керісінше автобусқа мінген жастардың құлақтары тас бітеледі. Құлаққапты үйіне барғанда ғана шешеді. Көбі құлаққаппен қала көшелерінің рұқсат етілмеген тұстарынан кесіп өтетін деп қыршынынан қылып жатыр. Заулап келіп қалған келіктің жүргізушісі төңкерісті басып үлгермейді. Нәтижесінде екі тарап та сорлап, қос өмір бірдей өкіп қалады. Өкініштісі сол, бұл жағдай күнделікті көпшіліктің көз алдында қайталанып жатса да, жалпақ жұртқа, әсіресе жастарға ол салатын емес. Смартфонның зияны сол ғана ма?!. Жок, өрине. Қазіргі балалар,

жастар көзі ұйқыға кеткенше смартфоннан бір елі ажырамайды. Сабақ оқып отырса да, тамақ ішіп отырса да, жұмыс істеп жатса да алаңдайтыны – сол смартфон. Онсыз жастарға өмір қызықсыз. Дүниенің дидарын көріп отыратын «Сүлейменнің жүзігіне» қазірде ақыл тоқтатқан ересектердің өзі тәуелді болып қалған. Тіпті ас, тойларға бара қалсаң, кейбір ата-әкелеріміздің өзі екі қолын үстелдің астынан шығармай телефон ақтарып отыратын болған. Сондағы қалқың үшін түсірген қысқа көріністерге бір күліп, бір мұңайып отыратынын байқап жүрміз. Осындайда дүниеге ертеңгі келетін ұрпақтың өмір сүретін заманы қандай болады екен деген сан сауалдар жаныңды мазалайды. Қай күні жоғары сыныпта оқитын балаларымыздың сынып жетекшілері ата-аналарға бір бағдарлама жіберіпті. Сұрап білдік. Ата-аналар үшін көмекші құрал екен.



Балалары оңаша қалғанда қолдарындағы телефоннан не көріп, не тыңдап жүргенін ата-анасына өзінің телефонынан бақылауға мүмкіндік тудыратын және баланың смартфонды пайдаланатын уақытын шектейтін бағдарлама екен. Яғни сағат тура түнгі 22:00-де баланың қолындағы смартфон автоматты түрде интернет байланысынан ажыратып қосы сеніп қалады.

Қазірде көптеген ата-ана смартфонның кесірінен жақсы барып жүрген балаларының сабақ үлгерімі тым нашарлап кеткенін айтып, шағынады және оның жолын таба алмағанын айтады. «Еліміздің ертеңгі егесі – білімді, деңі

сау ұрпақ» деген ұран сөзді көп айтамыз. Бірақ балаларымыздың білім алуына кедергі келтіріп, есіп келе жатқан жас ағзаны бүдіріп, денсаулығына алапат зардабын тигізіп жатқан смартфонды пайдаланудың уақытын шектеу, тіпті белгілі бір жасқа дейін ұстатпау мәселесін талқылауға бейжай қараймыз. Мүмкін бұл бұл мәселеге келгенде айналасындағы жылт өткен қызылды-жасылды дүниеге елігіп, елітіп қалатын баланы емес, өзімізді тиодан бастауымыз керек шығар.

Қуат АДИС

Меншік иесі:	Бас директор
СЫР МЕДИА	Аманжол ОҒАРБАЕВ
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
	Бас редактор
	Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Колжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: **Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ**